

«Үздік білім беру бағдарламасы» республикалық интернет-байқауының қорытындысы

ҚР БЖҒМ-нің Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы мектепке дейінгі, жалпы орта, қосымша, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының педагогтері арасында «Үздік білім беру бағдарламасы» республикалық интернет-байқауын 2017 жылғы 9 наурыз бен 15 мамыр балаларға арналған www.ziyatker.org ғылыми-танымдық сайтта қашықтықтан өткізді.

Байқаудың мақсаты: білім алушылардың сабақтан тыс қызметін ұйымдастырудағы педагогтердің инновациялық және эксперименттік қызметтерін дамыту және қолдау.

Міндеттері:

- педагогтердің кәсіби шеберліктерін көтеруге жағдай жасау;
- педагогтердің кәсіби біліктілігі мен әдістемелік сауаттылығын дамыту;
- педагогикалық тәжірибенің ақпараттық-әдістемелік базасын толықтыру, озық педагогикалық тәжірибенің идеяларын өңірлік, республикалық деңгейде тарату.

Байқауға барлығы **12 жұмыс** келіп түсті.

Байқау келесі номинациялар бойынша жүргізілді:

- 1) «Музыкалық қосымша білім бойынша үздік білім беру бағдарламасы»;
- 2) «Көркемөнер бағытында қосымша білім беру үздік бағдарламасы»;
- 3) «Көркем-эстетикалық бағытындағы қосымша білім беру үздік бағдарламасы (дизайн, сәулет, сәндік-қолданбалы көлөнері, би өнері, театр өнері, эстрадалық-цирк өнері, кино, фото өнері және т.б.)»;
- 4) «Әлеуметтік-педагогикалық бағытта сабақтан тыс қызметтің үздік бағдарламасы (ерте дамыту мектебі, оқушылар үшін жастар клубы, жасөспірімдер үшін жас кәсіпкерлер мектебі, мүмкіндігі шектеулі балалар клубы, балалар, жасөспірімдер мен жастар бірлестігі)»;
- 5) «Әскери-патриоттық бағытта сабақтан тыс қызметтің ең үздік бағдарламасы («Жас десант», «Жас теңізші», «Жас барлаушы», «Жас шекарашы», «Жас құтқарушы», «Жас парашютист» және «Жас ғарышкер», «Соғыс және еңбек даңқы» мұражайы және басқалары)».

Педагогтердің ұсынылған жұмыстары келесі өлшемдер бойынша 10 баллдық жүйемен бағаланды: мазмұндылығы; байқаудың тақырыбына, мақсатына және номинациясына сәйкес болуы; өзектілігі және педагогикалық мақсаттылығы; құрылымы, тұтастығы; дербес және шығармашылық тәсілдер; инновациялылығы; жұмысты ресімдеу мәдениеті.

«Үздік білім беру бағдарламасы» тақырыбында республикалық интернет-байқаудың әділ қазыларының шешімі негізінде 5 қатысушы жеңімпаз болып анықталды.

«Көркем-эстетикалық бағытындағы қосымша білім беру үздік бағдарламасы (дизайн, сәулет, сәндік-қолданбалы көлөнері, би өнері,

театр өнері, эстрадалық-цирк өнері, кино, фото өнері және т.б.)» номинациясы бойынша:

I орын:

1. Асмус Валерий Константинович (Ақмола облысы, Астархан ауданы, Астарханка ауылы, № 2 Астрахан орта мектебі).

II орын:

2. Абделиева Ардақ Умиртаевна (Алматы қаласы, № 4 Оқушылар сарайы).

«Әлеуметтік-педагогикалық бағытта сабақтан тыс қызметтің үздік бағдарламасы (ерте дамыту мектебі, оқушылар үшін жастар клубы, жасөспірімдер үшін жас кәсіпкерлер мектебі, мүмкіндігі шектеулі балалар клубы, балалар, жасөспірімдер мен жастар бірлестігі)» номинациясы бойынша:

I орын:

3. Литвинова Лилия Эльбрусовна (Астана қаласы, «№ 46 балабақша-мектеп-гимназиясы» ММ).

II орын:

4. Рудюк Вера Васильевна (Павлодар облысы, Екібастуз қаласы, "Қайнар" білім беру және бос уақытты қамту кешені);

III орын:

5. Волкова Юлиана Сергеевна, Измаева Жансая Жумабергеновна, Жумагазина Гульжан Клышпаевна (Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы, №11 «Ақбота» көруі мен сөздері бұзылған балалар үшін мектепке дейінге арнаулы (коррекциялық) ұйымы).

Байқауға келіп түске жұмыстар саны (өңірлер бойынша)

№	Облыстар	Жұмыстар саны	Жеңімпаздар
1	Ақмола	1	1
2	Ақтөбе	1	1
3	Алматы		
4	Атырау	1	
5	Шығыс Қазақстан		
6	Жамбыл	1	
7	Батыс Қазақстан		
8	Қарағанды	1	
9	Қостанай	1	
10	Қызылорда		
11	Маңғыстау		
12	Павлодар	1	1
13	Солтүстік Қазақстан		
14	Оңтүстік Қазақстан	1	

15	Алматы қаласы	2	1
16	Астана қаласы	2	1
	Барлығы	12	5

Директор

Р. Шер